



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

Қорыта айтқанда, қазақ және түрік тілдерінің сөздік құрамына араб және парсы тілдерінен ауысып келген сөздер, осы сөздерді құрайтын дыбыстар қазақ және түрік тілдерінің фонетикалық заңдылықтарына сәйкес тиісті өзгерістерге ұшыраған. Араб-парсы сөздерінің дыбыстық бейнесін өзгертпей қаз-қалпында қабылдау мүмкін емес. Себебі кірме сөздерде қазақ және түрік тілдерінің фонетикалық талаптарына сай келмейтін дыбыстар бар екені белгілі. Араб-парсы сөздері түрік тілінде қазақ тілімен салыстырғанда бастапқы тұлғасын жалпы сақтаған. Бұны Осман империясы дәуірінде парсы әдебиетінің дамуымен және түрік тіліне бұл сөздердің тікелей жазба әдебиетінен енуімен байланысты. Сөйтіп, қазақ тілі араб-парсы элементтерін фонетикалық тұрғыдан қайта өңдеп, кірме сөздердің дыбыстық комплексін ана тіліміздің нормаларына бейімдеп алды. Қазақ және түрік тілінің табиғатына жат дыбыстар айтылмай сөз ішінен түсіп қалды. Қазақ және түрік тілдеріне енген араб-парсы сөздеріндегі белгілі бір дыбыстың бір дыбысқа алмасуы, кейбір жағдайда екі тілге жат дыбыстардың түсіп қалуы, сөз арасына дыбыстардың енуі, сан қилы дыбыстардың өзара үндесіп жатуы, сөз бейнесін өзгертіп жіберуі түрік және қазақ тілдерінің ішкі заңдылықтарына байланысты екенін байқауға болады. Сонымен, қазақ-түрік тілдеріне әбден сіңісіп, калыптасып кеткен араб-парсы сөздері екі тілдің фонетикалық заңдылығына сәйкес бейімделіп, өздерінің алғашқы дыбыстық тұлғасын едәуір өзгертіп жібергенін көруге болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ғалманұлы Сәкен Арабша-қазақша сөздік: I томның 1-кітабы.-Алматы: “Арда”,2005. - 208 бет.
2. Berkmuhambetov E. B. Kazak tilderindegi arab-parsi sozderi. Tusindirme sozdik. – Almaty, 1977
3. АРАБША- ПАРСША ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІК- Алматы: Білім, 2011. Т.1-408 б
4. Usup N. Kazak onomastikasinin genderlik sipati // <http://www.rusnauka.com>
5. Zhylkybaeva A. Sh. Salt-dasturdyn tildegi korinisi. – Oskemen, 2004, – 84 b,
6. Gabitkhanuly K. Nanyim-senimge bailanisti kazak tilindegi tirkester, – Almaty, 1995. – 182 b.
7. Etingen L. Mifologicheskaya anatonia – M.: IOI, 2006. – 528 s.
8. Isaeva Zh. I. Dunyenin paremiologialyk beinesi // avtoreferat. – Almaty, 2007. – 30 s.
9. Avakova R. A. Frozeologizmder – ulttik madenyettin ainasi. – Almaty, 1999.
10. Kenan K. Kazaksha-turukshe sozdik. – Turkistan, 2003.
11. 3 Ondasinov N. Parsisha-kazaksha tusindirme sozdik. – Almaty, 1974.

ӘОЖ 81'04

АХМЕТЯСАУИДІҢ «ДИУАНИ ХИКМЕТ» ЖӘНЕ ӨТЕМІС ҚАЗЫНЫҢ «ЧИНГИЗ-НАМЕ» ЕСКЕРТКІШТЕРІ: ТАРИХИ-ТІЛДІК САБАҚТАСТЫҚ

Қайратқызы Әсем

Shin-aseм_96@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ түркітану мамандығының 4 курс студенті

Ғылыми жетекшісі – М.М.Қосыбаев

Қазіргі түркі тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің қоғам сұранысын толықтай өтейтін ұлттық жазба әдеби тіл болып, жан-жақты дамуы бір ғана ғасырдың жемісі деуге, әрине, әсте болмайды. Мұндай деңгейге түркі тілдері тарихи дамудың ұзақ жылдарын басынан өткеріп барып жетті. Бұл жайлы Р. Сыздық: «Халықтың әдеби тілінің калыптасып, дамуы сол халықтың әлеуметтік тарихымен тығыз байланысты. Қауымның ру-тайпалық деңгейін былай қойғанда, бірнеше саяси-территориялық бөлініп, бытырап келген феодалдық дәуіріндегі әдеби тілі мен ұлт болып құралған кезіндегі әдеби тілі бірдей болмақ емес. Әсіресе

айырмашылық тілдің әлеуметтік қызметі мен стильдік тармақталуы жағынан көзге түседі. Сондықтан осы күнгі ұлт болып қалыптасқан халықтардың тілдерін ұлттық дәуірге дейінгі және ұлттық әдеби тілі деп бөліп зерттеу дұрыс деп танылып жүр. Қазақ тілі де дамудың мұндай ортақ белгісінен қалыс қала алмайды» – дейді[1,12].

Түркі халықтарының ұлттық дәуірге дейінгі жазба тіл дәстүрлері бәріне ортақ болып келеді. Түркі халықтарының әрқайсысының ертеден келе жатқан ауыз әдебиетін және жете дамыған жалпыхалықтық ауызекі сөйлеу тілін айтпағанда, Орхон-Енисей-Талас жәдігерліктері жазылған сына жазулы көне түркі жазба тілі (VI–VIII ғ.), ортағасырлық түркі ескерткіштері тілі (XII–XVI ғ.), онан кейінгі кезеңдерде территориялық бөліністегі тілдік ерекшеліктерге сай «шағатай тілі» деп аталған ортаазиялық түркі, татар хандықтарының ресми тілі болған алтынорда түркі, Еділ-Жайық бойы түркілері пайдаланған орал-жайық түркі және олардың түркі халықтарының дербес ұлттар болып құралғаннан кейінгі кезеңдерде ресми іс-қағаздарын, көркем әдебиетін, тарихи туындыларын жазуға бейімделген жаңашағатай, ескіқазақ, ескітатар, ескіөзбек тәрізді әртүрлі нұсқалары қазіргі түркі жазба әдеби тілдерінің бастау арналарын құрайды.

Орта ғасыр – қазіргі түркі халықтарының сараланған, тілдерінің де жіктеле бастаған тарихи кезеңі. Осыған орай ортағасырлық жазба ескерткіштерінің түркі халықтары үшін теңдесі жоқ асыл мұра екенін мойындай отырып, олардың қазақ тілімен байланысын, ерекшеліктері мен жақындығын айқындау – Қазақстан ғылымы үшін де, болашақ ұрпақ үшін де басты міндет.

Орта ғасыр жазба ескерткіштері – түркі халықтарының мәдениетінің, әдебиетінің, тұрмыс-тіршілігі мен шаруашылығының, тілінің байлығынан мол мағлұматтар беретін асыл мұра. Тілдің уақыт өте келе дамып-өркендеуі түп-тамырының тереңдігімен өлшенеді. Сол себепті арада мың жылдай уақыт өтсе де, қазіргі түркі тілдерімен тамырластығын жоғалтпай сақтап келе жатқан тарихи маңызы зор жазба ескерткіштердің бірқатары орта ғасырға тән. Оларды зерттеп, қазіргі тілдермен туыстық деңгейін анықтау – бүгінгі ұрпақтың еншісінде. Түп төркіні түркі халықтарының тарихи жазба мұраларынан бастау алатын қазақ тілінің қалыптасуын, өсіп-өркендеуін, даму заңдылықтарын білу үшін түркі ескерткіштерінің тілін жан-жақты зерттеп, қазақ тіліне қаншалықты жақын екендігін анықтау түркология ғылымының бүгінгі таңдағы өзекті мәселелерінің бірі.

Орта ғасырлардағы түркі әдеби тілдерінің қалыптасуы мен дамуы проблемасымен шетелдік ғалымдарды былай қойғанда, В.В.Радлов, С.Е.Малов, П.М.Мелиоранский, А.Н.Самойлович, К.Г.Залеман, А.Н.Кононов, А.К.Боровков, Э.Н.Наджип, Э.Р.Тенишев, А.М.Щербак, Э.Фазылов, Н.А.Баскаков, Р.Сыздық, С.Н.Иванов, З.Мухамедова сияқты ілгері буынды түркологтер айналысты. Аталмыш ғалымдар белгілі бір ескерткіштердің тілін лингвистикалық тұрғыда талдап, олардың сипаттамаларын берді.

Жазба ескерткіштер тілінің табиғатын нақты айқындап, қазіргі түркі тілдерінің сол жазбалармен сабақтастық дәрежесін еш бұрмалаусыз анықтау қазіргі түркологияның басты мақсаттарының бірі. Көрнекті түркітанушы Э.Н.Наджип түркілерге ортақ тарихи мұраларды қазіргі барлық түркі тілдерімен, қайсыбірінің диалектілерімен жан-жақты салыстыру және бұған әр ұлттың өкілдері белсене араласуы қажет деп санайды. Олай болмаған жағдайда зерттеулер ойдағыдай нәтиже бермейтінін сөз етеді [2, 25]. Осы орайда орта ғасырда пайда болған әдеби мұралар тілін қыпшақтану бағыты тұрғысынан да, қазақ әдеби тілінің тарихы тұрғысынан да жан-жақты зерттеу сол жәдігерлердің қазіргі қазақ тіліне қатысы қаншалықты деңгейде екендігін айқындап-ажыратуға, дәлме-дәл анықтауға мүмкіндік береді.

Қазіргі түркі халықтарының жеке-жеке этнос ретінде қалыптысып, өмір сүруіне орта ғасырдың рөлі ерекше ықпал еткені белгілі. Моңғол шапқыншылығына дейін Дешті-Қыпшақ аталатын ұлы дала түркі тайпаларының тарихи отаны бола отырып, мыңдаған тұлғалар мен ғұлама ғалымдарды, талай тарихи жазбаларды тудырған мәдени мекен болды [2, 27]. Бұл кезеңде оғұз, ұйғыр, қарлұқ және қыпшақ халықтарының тілдері негізінде араб графикасындағы түркі жазуы қалыптаса бастады, түркі ескерткіштері дүниеге келді: Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білігі» (XI ғ.), Махмұд Қашғаридың «Диуани лұғат ит-түрк» атты

еңбегі (XI ғ), Сайф Сарайдың «Гүлстан» (XIV ғ), Қадырғали Қосымұлының «Жами ат-тауарихы», Қожа Ахмет Ясауи «Хикметтер» еңбегі, Ахмет Йүгнекидің «Һибатул хакайик» атты шығармасы, Рабғұздің «Қиссасу-л-Ән-бия», Құтыбтың «Құсырау уа Шырын», Рауандидің «Мухаббатнама», Әлидің «Нахдж-әл-Фарадис», Сайф Сарайдың «Гүлстан бит-түрки», Сиди Ахметтің «Ташшүкнама», Хорезмидің «Тәржіма Шаһнама», Ахмет Йүгнекидің «Ақиқат сыйы», Әбілғазының «Оғызнама» Хорезмидің «Мұхаббат-наме» және Өтеміс қажының «Чингиз-наме» ескерткіштері. Қыпшақ жазба ескерткіштерінің көбі қыпшақ тілінде жазылып, оғыз тілі әсер еткен (Мәмлүк, Орта Азия мұралары), оғыз тілінде жазылып, қыпшақ тілінің ықпалына түскендері аз. Бұл орта ғасырдың дереккөздері қазіргі заманғы кешенді зерттеушінің үлкен жауапкершілікпен жүзеге асырылатын деректану жұмыстарын жүргізуді талап етеді.

Орта ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштерінің тілін зерттеудің бір ұшы сол кезеңдердегі, яғни ескі түркі әдеби тілдерінің сипаты, бір-бірінен айырым белгілері және қазіргі түркі тілдеріне қатысы деген проблемаларға барып тіреледі.

Э.Н.Наджип танымы бойынша, XIV ғасырда Алтын Ордада екі әдеби тіл: *оғұз-қыпшақ* және *қыпшақ-оғұз* тілдері қызмет еткен. Оғұз-қыпшақ тілінің негізінде Хорезмнің солтүстік өңірінде пайда болған «*Құтадғу біліг*» ескерткішінің тілі жатады, ал қыпшақ-оғұз әдеби тілінің негізінде Сырдарияның төменгі ағысында пайда болып, Мысырға дейін етек алған Ясауи тілі жатыр дейді. Ясауи тіліне «*Мухаббат-наменің*» тілі мен Алтын Орданың XIII-XIV ғасырлардағы ескерткішінің тілдері бір-біріне жуық келеді дегенді де айтады[3, 68-69].

XII ғасырда жасап өткен, түркі халықтары арасында белгілі діни - идеологиялық ағымның негізін қалаған Қожа Ахмет Ясауидің «*Хикметтер*» атты поэтикалық мұрасының тілі мен стиліне, тілдік негізіне М.Мелиоранский, К.Залеман, С.Е.Малов, Р.Сыздық, А.К.Боровков, Ф.К.Фуад, А.Н.Кононов, Э.Н.Наджип, Н.А.Баскаков, А.М.Щербак, Э.Рустамов, К.Ераслан, А.Серткая, А.Ержиласун т.б. ғалымдар көңіл бөліп, жан-жақты сөз етті.

Түркі жұртына Ясауи тілін ең алғаш кеңінен таныстырған түрік ғалымы, профессор Мехмет Фуад Қожа Ахмет Ясауи «*Хикметтерін*» түркі тілдері тарихы тұрғысынан зерттеуге, яғни оның тілдік негізі, қандай тіл ортасына жататыны туралы өз пікірін білдірді. Біріншіден, пікірді үзілді-кесілді айту үшін Ясауи «Хикметтерінің» канондық мәтіндері жоқтығын және көптеген хикметтердің Ясауидің өз қаламынан шықпағандығына шек келтірмеуге болатындығын баса айтады. Ғалым Ясауидің тегін арғу түркілерінен шыққанын ал арғулар, шігілдер, яғмалар, тохсылар қарлұқ тобын құрайды, демек, Ясауи «Хикметтерінің» тіліне оғыз тілдерінің біршама әсері болғанымен, оның негізі қарлұқтық деп зерттей келе оны «*Құтадғу білікпен*» тілдік жағынан ұқсас келетінін айтады[4, 110]. Ал, академик А.Н.Кононов: «Ясауи тілі көне ұйғыр және хорезмдік түркі әдеби тілінің нормаларына, яғни Қарахандар мемлекетіндегі қарлық-ұйғыр жазба тілінің үлгілері «*Құтадғу білік*» пен «*Алтын йаруқтардың*» тіліне жақын[5, 155]» - деп тұжырым жасаса Э.Н.Наджип Ясауи поэзиясының тілі грамматикалық құрылысы мен лексикасы тұрғысынан «*Құтадғу біліктен*» де, эз-Замахшаридің «*Муқаддимат әл-әдаб*» атты шығармасынан да бөлектеніп, басқаша сипат беріп тұратындығын айтады[3, 90]. Қожа Ахмет Ясауидің «*Диуани Хикмет*» ескерткішінің тілі туралы Р.Сыздық «қыпшақ-оғыздық» деген пікірді қолдайтынын айтады, онымен қатар «Ясауи тілдері бір ғана қыпшақтық немесе оғыздық, я болмаса қарлұқтық тобына жатпайды, мұнда өзге де түркі жазба ескерткіштері сияқты, бұлардың барлығының да үлгілері орын алған, бірақ Ясауи тілінің сүйегі – қыпшақтық» деген қорытындыға келеді [6, 110].

XII ғасыр мұрасы Ясауи «Хикметтерінің» тілін XVI ғасыр ескерткіштердің бірі – Өтеміс қажының «Чингиз-наме» ескерткішімен салыстыру арқылы ортағасыр ескерткіштері арасындағы сабақтастық қана анықталып қоймайды, сонымен қатар қазіргі түркі жазба әдеби тілдерінің даму барысындағы кезеңдік ерекшеліктер де айқындалады. Егер Қожа Ахмет Ясауидің «Хикметтеріне» қатысты зерттеулер қатары біршама мол болатын болса, «Чингиз-наме» тілінің ерекшеліктерін айқындауға арналған лингвистикалық зерттеулер өте аз. Дейтұрғанмен, Өтеміс қажының «Чингиз-намесінің» тілін Ясауи «Хикметтерінің» тілімен

морфологиялық тұрғыдан салыстыру барысында қазіргі қазақ тілінің морфологиялық жүйесімен ұштасып жататын төмендегідей ортақтықтар көрініс береді:

1. «Чингиз-наме» ескерткіші тілінде кездесетін сын есімдердің қатарында түркінің –*сыз* жұрнағы сияқты “бір нәрсенің” жоқтығын білдіретін парсы сөзінен енген –*бі* сөз алды қосымшасы Ясауи «Хикметтерінде» –*би* түрінде кездеседі. Мысалы: *بيهابار* - *bihäbär* [bihäbär] – бихабар, *بياداب* - *biädäb* (biädäb) – биәдәб, *بييھتيار* - *biihtiyar* [biihtiar] – биихтийар, т.б.

2. «Чингиз-наме» тілінде сан есімнің есептік, реттік, жуықтық, жинақтық түрлері орын алады. Мысалы: *يكي ميت تومات كيليت-باياليغنا سيويتسا اتدي* - *Eki min tümän Kelin-Bäialin'a seyinçä ätdi* [екі миң түмән Келін-Бәйялыңға севінчә әтді], *كون يكي زس* [eki-üç kün] [екі-үш күн], *تذرت بيس* [tört-baş oğliga] [төрт-бәш оғлыға]. Ал, Ясауидің «Хикметтері» мәтінінде тек есептік сан есімдер ғана орын алған, қалған сан есімдер қатары өте сирек, жоқтың қасы. Бір-екі жерде ғана парсыша реттік сан есім тұлғасы екінші деген сөз кездеседі. Тағы бір жерде –*ча* жұрнағымен жасалған болжалды сан есім байқалады: *يوز مينسا هيكمات* - *iüz miñça hikmät* (үз мыңча хикмәт), бұл жерде *үз мыңча* нақты санның атауын емес, «өте көп» деген болжалды санды білдіріп тұр.

3. Ескерткіш тілдерінде көпше түрде келген сөздердің барлығы дерлік –*лар*, –*лар* қосымшаларының көмегімен жасалған. Қолжазбаларда –*лар*, –*лар* жалғауының өзге фонетикалық варианттары –*тар*, –*тар*, –*дар*, –*дар* жоқ. Айта кетерлік тағы бір жайт – көне түркі тілінің көптік тұлғасы –*ан*, –*ән* қосымшаларының да орын алуы. Бұл қосымша «Чингиз-наме» тілінде тек *оғул* және *әр* сөзінде ғана жалғанған.: *وغول* *ogul* (оғул) – ұл, *وغلان* *oglan* (оғлан) – ұлдар, балалар; *ار* *är* (әр) – ер, *اران* *ärän* (әрән) – ерлер. Ал, «Хикметтерде» *ерлер* деген бір тұлғаны ғана кездестіреміз, бірақ бұл тұлғаның *يرانلار* - *еранлар* болып келгеніне қарап, мұндағы –*ан* аффиксі көптік мағына беруші деп қаралмайтыны байқалады.

–*лар* қосымшасының көмегімен көптік мағына береді: *امما يوجي هان بارشا وغلانلاريندان ولو غراغ* «Әмә Йожы-хан барча оғланларыңды улұғрақ әрді». Сонымен қатар, оғул сөзі мен оғлан сөзінің қолданысында да өздеріне тән ерекшеліктері бар. Оғул сөзіне –*лар* қосымшасы жалғанып, көптік мән бермейді, оған көптік мән сан есімдердің ғана көмегімен үстемеленеді. Мысалы: *بیر انادان توغان يكي وغول وا وزكا انادان توغان ون يييتي وغول بارشاسي قوشولوب ولو غ هان كورونوشيا* «Бір анадан туған екі оғул вә өзгә анадантуған он йеті оғул барчасы қошулуб Улұғ-хан көрүнүшгә бардылар» [7, 121].

4. Жіктеу есімдігі «Чингиз-намеде»: *مان* - *мән*, *بیز* - *біз*, *سان* - *сән*, *سیز* - *сіз*, *سیزلار* - *сізләр*, *سیز* - *сіз*, *بیز* - *біз*, *ول* - *ол*, *سان* - *сән*, *مان* - *мән*, *ولار* - *олар*, *ول* - *ол* есімдіктері ғана кездеседі. *Ол* сөзі барыс септігінде *انا* *аңа* болып келуіне байланысты бұл сөздің көпше мағынасы *алар* болуы мүмкін. Бірақ, бұл тұлға мәтінде кездеспейді. Осы жіктеу есімдігінің септелу категориясына тоқталар болсақ, екі ескерткіште де ұқсас жағдайлар орын алған. Жекеше *مان* - *мән*, *سان* - *сән*, *ول* - *ол* есімдіктері барыс септігінде *مانا* - *мәңа*, *سانا* - *сәңа*, *انا* - *аңа* болып келеді (*мәңгә, сәңгә, аңга емес*).

Жоғарыда келтірілген орта түркі жазба мұраларының тілі туралы талдау нәтижелері оғыз, қыпшақ тілдері сараланып шыққанға дейін жалпытүркілік сипатта, яғни *қыпшақ-оғыздық*, *оғыз-қыпшақтық* негізде болғанын көрсетеді. Орта ғасырдағы оғыз-қыпшақтық аралас тілдік жүйедегі қыпшақ тілдерінің дербестік сапасының айқындала бастауы бір ғасыр шеңберінде ғана қалыптасқан құбылыс емес, түркі тілдері дамуының алашқы кезеңдерінде-ақ оғыздық немесе қыпшақтық белгілер қолданыста болғанын көрсетеді. Қазіргі қыпшақ тілдерінің ішінде қыпшақтық колорит қазақ, ноғай, қарақалпақ тілдерінде, татар диалектілерінде басым екенін зерттеу нәтижелері көрсетіп отыр. Қыпшақ тілдерінде сөйлейтін барлық этностар тілінде оғыз, қарлұқ, бұлғар тілдерінің элементтерінің сақталып отыруы түркі халықтарының тілінің қалыптасуы күрделі де қайшылықты лингвоэтникалық, лингвоэволюциялық даму жолынан өткенін көрсетеді. Мәселен, XI-XIV ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштері тілін арнайы зерттеген Э.Н.Наджип: «Құтадғу біліктің» негізі «*д-з*» тобындағы *қарлұқ-ұйғыр* тілі болса, Ясауи хикметтері тілінің негізі «*ж*» тобындағы *қыпшақ тілі*, оған оғыз тайпалары тілінің элементтері қосылған, демек, бұл әдеби тіл аралас сипат алған, ол Сырдарияның төменгі ағысында пайда болған және Қарахандар кезеңіндегі *қарлық-*

ұйғыр әдеби тіліне қарама-қарсы түрде XII ғасырда пайда болған тілдер қатарына жатқызады [3, 70].

Қорыта айтқанда, XII ғасыр мұрасы Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикмет» ескерткішінің тілін XVI ғасырдан жеткен баға жетпес құнды ескерткіштердің бірі – Өтеміс қажының «Чингиз-намесімен» салыстыру арқылы ортағасыр ескерткіштері арасындағы сабақтастық ғана анықталып қоймайды, сонымен қатар қазіргі түркі жазба әдеби тілдерінің, соның ішінде, қазақ тілінің де тарихи даму барысындағы кезеңдік ерекшеліктер айқындалады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2010. - Б. 12.
2. Наджип Э.Н. Исследования по истории тюркских языков XI-XIV вв. – М., 1989. – 283 с.
3. Наджип Э.Н. Кипчакско-огузский литературный язык мамлюкского Египта XIV века. Автореферат докт. дисс. – М., 1965. – 283 с.
4. Көпрүлү Ф. Қожа Ахмет Ясауи. Танымы мен тағылымы. – Шымкент, 1999. – 312 б.
5. Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. М.; Л., 1956 (Кон.1). - 570 с.
6. Сыздық Р. Ясауи тілінің қыпшақтық-оғыздық негізі. Түркология. – Алматы, 2002. – 232 б.
7. Утемиш- хаджи. Чингиз-наме. – Алма-Ата, 1992. – 247 с.

УДК 39

ҚОРҚЫТ АТА ОБРАЗЫ

Мусина Сәуле Сайлаубекқызы

sauleo93@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультетінің филология: түркі тілдері мамандығының I курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – М.Жолдасбеков

Адамзаттық мәдени-рухани жадта ұлттық шеңберден шығып, күллі әлемдік бейнеге айналған, адамзаттың мәдени қорын байытқан образдар бар. Олардың қатарында Одиссей, Елена ару, Ахиллес, Прометей, Отелло, Ромео мен Джульетта, Гамлет, Дон Кихот, Фаустты атауға болады. Ұлттық мәдени тарихымызда, мәдени санада орын алған архетип бейнелер қатарында Кетбұға, Сыпыра жырау, Асан Қайғы бейнелерін негіз етуге болады.

Түркі дүниесіндегі даңқы кең жайылған кейіпкер туралы ойласақ Қорқыт ата бейнесін еске аламыз.

Қорқыт тұлғасы тарихи және мәдени тұрғыда қарастырылатын бейне. Қорқыт Ата – күллі түркі дүниесінің тарихында, рухани өмірінде айрықша орын алатын, түркі кезеңі деп аталатын тұтас бір дәуірдің болмыс-бітімін, таным-түсінігін, саяси-әлеуметтік және діни дүниетанымын өн бойына жинақтаған бірегей тұлға. Оғыз- қыпшақ дәуірін, оның арғы тегі түркі тайпаларының тарихын зерттеуде Қорқыт Атаны айналып өту мүмкін емес. Себебі, Қорқыт бейнесі Шығыс Түркістаннан бастап Кіші Азияға дейінгі аймақта таралған түркі халықтарының ауызша, жазбаша деректерінде ойып орын алады [1, 195]

Ол – әрі тұлға, әрі фольклорлық шығарма және көркем әдебиет кейіпкері. Бұндай тұлға әлем әдебиетінде де кездеседі. Қорқытты грек эпосының атасы Гомермен салыстыра аламыз. Грек мифтері негізінде әйгілі «Иллиада», «Одиссея» поэмаларын тудырған Гомер өзі жырлаған дастанда соқыр жырау Демагог бейнесін енгізеді. Демагог жырау өзі жырлаған оқиғалардың кейіпкері .

Қорқыттың дүниеге келуі, ақындығы, жыраулығы және күйшілігі, өлімнен қашуы